

**Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың
тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін жеткізушіні таңдау жөніндегі үлгілік конкурстық
құжаттама**

Жөргек (памперс) сатып алу

Конкурсты ұйымдастырушы Ұлытау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Жезқазған қаласының облыстық балалар үйі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Литке тұйық көшесі, 6 ғимарат, тел.: 87102763554, е-мэйл aibek56@mail.ru, интернет сайт: <http://balbobek-zhez.kz/ru/>

1. Жалпы ережелер

1. Конкурс өнім берушіні таңдау мақсатында өткізіледі жөргектер (памперс) бойынша.
2. Тауарларды немесе көрсетілетін қызметті сатып алу жөніндегі осы конкурс үшін бөлінген сома **3 500 000,00 теңге (Үш миллион бесжүз мың теңге 00 тиын)** теңгені құрайды.

Осы Конкурстық құжаттама мыналарды:

Конкурстық құжаттамаға **1 және 2-қосымшаларға** сәйкес нысандар бойынша заңды және жеке тұлғалар үшін конкурсқа қатысуға арналған өтінімді;

Конкурстық құжаттамаға **3 және 4-қосымшаларға** сәйкес көрсетілетін қызметтерді немесе тауарларды жеткізушіні таңдау бойынша конкурстық құжаттамаға техникалық тапсырманы;

Конкурстық құжаттамаға **5 және 6-қосымшаларға** сәйкес таңдау өлшемшарттарын;

Конкурстық құжаттамаға **7-қосымшаға** сәйкес сатып алынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесін қамтиды;

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімімен қоса көрсетілетін қызметтерді немесе тауарларды сатып алу үшін бөлінген соманың бір пайызы мөлшерінде конкурсқа қатысуға арналған өтінімді қамтамасыз етуді төменде аталған нысандардың біреуімен енгізеді:

- 1) мынадай банк шотында орналастырылатын ақшаның кепілдік берілген ақшалай жарнасы.
- 2) банктік кепілдік.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 30 маусымдағы № 412 бұйрығымен бекітілген Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін сатып алу қағидаларының 24-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші немесе оның сенімхат бойынша өкілі құжаттар пакетін 20 маусым 2025 жыл сағат 11.00 мерзімге дейін конкурсты ұйымдастырушының Ұлытау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Жезқазған қаласының облыстық балалар үйі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Литке тұйық көшесі, 6 ғимарат, мекен жайында орналасқан пошталық мекенжайына жібереді немесе комиссияның хатшысына (кабинет бухгалтерии) қолма-қол береді.

Әлеуетті өнім беруші құжаттарды конкурсты ұйымдастырушыға тігілген, парақтары нөмірленген түзетусіз түрінде ұсынады. Өтінімнің соңғы парағына бірінші басшының қолы қойылады және мөрімен (болған жағдайда) бекітіледі.

Конкурсты ұйымдастырушы белгілеген мерзім өткеннен кейін ұсынылған құжаттар тіркелуге жатпайды және әлеуетті өнім берушілерге қайтарылады.